


* ЖРВИ дегеніміз не?

ЖРВИ (жедел респираторлық вирустық инфекция) – тыныс алу жолдарының вирустық ауруы. Көбінесе суық мезгілде жиі кездеседі және балалар арасында тез таралады

Негізгі белгілері:

- Дене қызуының көтерілуі
- Мұрын бітелуі, су ағу
- Жөтел
- Тамақтың қызаруы, ауырсынуы
- Әлсіздік, тәбеттің төмендеуі

Балаларда иммунитет толық қалыптаспағандықтан, ЖРВИ жиі кездеседі. Аурудың алдын алу – баланың денсаулығын сақтаудың маңызды бөлігі.



- * ✓ Бөлмені жиі желдету
- * ✓ Ылғалды тазалық жүргізу
- * ✓ Қолды сабынмен жиі жуу
- * ✓ Жеке гигиена сақтау
- * ✓ Дұрыс әрі теңгерімді тамақтану
- * ✓ Таза ауада серуендеу
- * ✓ Ауру белгілері бар баланы балабақшаға әкелмеу Егер балада дене қызуы $37,5^{\circ}\text{C}$ -тен жоғары болса немесе жөтел, мұрыннан су ағу байқалса – үйде қалып, дәрігерге қаралу қажет. Бала денсаулығы – бәрімізге ортақ жауапкершілік



* **ЖРВИ-дің
алдын
алу шаралары**